

Қала құрылысы жобаларын (елді мекендердің бас жоспарлары, егжей-тегжейлі жоспарлау жобалары мен құрылыс салу жобаларын) әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 30 қыркүйектегі № 505 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 30 қыркүйекте № 21342 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Бұйрықтың күшін жою көзделген - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 30.04.2026 № 213 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.08.2023 № 563 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 15-2) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қала құрылысы жобаларын (елді мекендердің бас жоспарлары, егжей-тегжейлі жоспарлау жобалары мен құрылыс салу жобаларын) әзірлеу, келісу және бекіту қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.08.2023 № 563 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала құрылысы жобаларын (елді мекендердің бас жоспарлары, егжей-тегжейлі жоспарлау жобалары мен құрылыс салу жобаларын) әзірлеу, келісу және бекіту қағидалары

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.08.2023 № 563 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қала құрылысы жобаларын (елді мекендердің бас жоспарлары, егжей-тегжейлі жоспарлау жобалары мен құрылыс салу жобаларын) әзірлеу, келісу және бекіту қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң), өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес әзірленді және қала құрылысы жобаларын (елді мекендердің бас жоспарлары, егжей-тегжейлі жоспарлау жобалары мен құрылыс салу жобаларын) әзірлеуі, келісуі және бекітуі жөніндегі тәртіпті белгілейді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.08.2023 № 563 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді – ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 22.02.2024 № 69 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) егжей-тегжейлі жоспарлау жобалары (бұдан әрі – ЕТЖЖ) – елді мекендер аумақтарының жекелеген бөліктері мен функционалдық аймақтары, сондай-ақ елді мекендердің шегінен тыс жерде орналасқан аумақтар үшін әзірленетін қала құрылысы жобасы;

1-1) елді мекендердің бас жоспары (бұдан әрі – бас жоспар) – қаланы, кентті, ауылды не басқа тұғылықты жерлерді дамыту мен салуды кешенді жоспарлаудың, олардың аумағын аймақтарға бөлуді, жоспарлау құрылымы мен функционалдық ұйымдастыруды, көлік және инженерлік инфрақұрылымдар, көгалдандыру және абаттандыру жүйесін белгілейтін қала құрылысы жобасы;

2) инвестор – Қазақстан Республикасында инвестицияларды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

2-1) қоғамдық тыңдаулар – ашық жиналыстар өткізу, көпшілік талқылауларын жүргізу арқылы сәулет, қала құрылысы және құрылыс мәселелері қозғалатын мемлекеттік және басқарушылық шешімдерді қабылдауға қоғамның қатысу нысандарының бірі;

3) құрылыс салу жобасы – бекітілген қызыл сызықтардың шекарасында немесе жер учаскелерінің шекарасында орамдар, шағын аудандар аумақтары және елді мекендердің жоспарлау құрылымының басқа элементтері үшін әзірленетін қала құрылысы жобасы;

4) орындаушы – қызметтің тиісті түріне лицензиясы бар, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылыс саласында тапсырыс берушімен жүзеге асыратын тұлғамен жасалатын мердігерлік шарт немесе мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша сәулет және қала құрылысы саласында жобалау қызметін орындайтын жеке немесе заңды тұлға;

5) тапсырыс беруші – қызметін Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға. Жобаның (бағдарламаның) тапсырыс беруші-инвесторы, тапсырыс беруші (меншік иесі), құрылыс салушы не олардың уәкілетті адамдары қызмет мақсаттарына қарай тапсырыс беруші бола алады.

Кешенді қала құрылысы сараптамасының тапсырыс берушілері болып мыналар табылады:

жалпымемлекеттік маңызы бар жобалар бойынша – сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган;

өңірлік маңызы бар жобалар және елді мекендерді дамыту мен құрылыс салу жобалары бойынша жергілікті атқарушы органдар.

Қала құрылысы жобаларына тапсырыс беруші осы жоба бойынша сараптамалық жұмыстарға тапсырыс беруші де болып табылады.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а.26.05. 2023 № 388 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.08.2023 № 563 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 18.07.2025 № 268 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

2-1. Бас жоспарлар аумақтарды қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемаларына (аудандық жоспарлау жобалары) сәйкес және Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған шектеулерді ескере отырып әзірленеді

Ескерту. Қағида 2-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.08.2023 № 563 (алғаш ресми жарияланған

күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 29.06.2024 № 234 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-2. Кешенді қала құрылысы сараптамасынан өткен және оң қорытынды алған қала құрылысы жобаларына оны бекіткенге дейін өзгерістер мен толықтырулар енгізуге жол берілмейді.

Ескерту. Қағида 2-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.08.2023 № 563 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.; орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтіні өзгеріссіз қалады - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 29.06.2024 № 234 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-3. Кешенді қала құрылысы сараптамасынан өтпеген және оның оң қорытындысын алмағын барлық деңгейдегі қала құрылысы жобалары бекітуге жатпайды.

Ескерту. Қағида 2-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.08.2023 № 563 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-4. ЕТЖЖ-ның тапсырыс берушісі кешенді қала құрылысы сараптамасынан өткенге дейін Мемлекеттік қала құрылысы кадастры автоматтандырылған ақпараттық жүйесін қолдана отырып, олардың функционалдық аймақтардың елді мекеннің бекітілген бас жоспарына сәйкестігіне тексеруді қамтамасыз етеді.

Ескерту. Қағида 2-4-тармақпен толықтырылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.08.2023 № 563 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 29.06.2024 № 234 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-5. Азаматтық қорғаныс бойынша топтарға жатқызылған елді мекеннің бас жоспары "Азаматтық қорғаныстың инженерлік-техникалық іс-шараларының көлемі мен мазмұнын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 24 қазандағы № 732 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9922 болып тіркелген) азаматтық қорғаныстың инженерлік-техникалық іс-шараларының көлемі мен мазмұнына сәйкес азаматтық қорғаныстың инженерлік-техникалық іс-шараларын есепке ала отырып әзірленеді.

Ескерту. Қағида 2-5-тармақпен толықтырылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.08.2023 № 563 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2.6. Бас жоспарлар Қазақстан Республикасы Жер кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 121-бабы 2-тармағының 4) тармақшасының талаптарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 12 мамырдағы № 504 қаулысымен бекітілген Әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігіне қатер төндіруі мүмкін қызметті жүзеге асыруға рұқсаттар беру қағидаларын есепке ала отырып әзірленеді.

Ескерту. Қағида 2-6-тармақпен толықтырылды - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 29.06.2024 № 234 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-7. Бас жоспардың жобасы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 168-бабына сәйкес елді мекеннің шекарасында (шегінде) әзірленеді. Елді мекеннің шекарасын (шегін) кеңейту қажет болған кезде, жоспарланатын аумақтың шекарасы (шегі) техникалық тапсырмада нақтыланады.

Ескерту. Қағидалар 2-7-тармақпен толықтырылды - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 18.07.2025 № 268 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. ЕТЖЖ және құрылыс салу жобалары белгіленген тәртіппен бекітілген елді мекеннің бас жоспары негізінде осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес жобалауға арналған тапсырмаға (бұдан әрі – Тапсырма) сәйкес әзірленеді.

4. ЕТЖЖ және/немесе құрылыс салу жобалары бас жоспарларында белгіленген жоспарлы құрылым элементтеріне, қала құрылысы регламенттеріне және бірыңғай сәулет стилінің тұжырымдамасына сәйкес әзірленеді.

Бұл ретте, ЕТЖЖ және/немесе құрылыс салу жобалары мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелеріндегі мәліметтерді есепке ала отырып, Кодекстің 43, 43-1, 44, 44-1, 44-2 және 45-баптарында көзделген игерілген жер учаскелері және/немесе жер учаскелеріне жеке меншік, сондай-ақ уақытша жер пайдалану құқығын есепке ала отырып әзірленеді.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 18.07.2025 № 268 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-1. Азаматтық қорғаныс бойынша топтарға жатқызылған ЕТЖЖ және/немесе құрылыс салу жобалары "Азаматтық қорғаныстың инженерлік-техникалық іс-шараларының көлемі мен мазмұнын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 24 қазандағы № 732 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9922 болып тіркелген) азаматтық қорғаныстың инженерлік-техникалық іс-шараларының көлемі мен мазмұнына сәйкес азаматтық қорғаныстың инженерлік-техникалық іс-шараларының талаптарын есепке ала отырып әзірленеді.

Ескерту. Қағидалар 4-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 18.07.2025 № 268 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Бірыңғай сәулет стилінің тұжырымдамасы астана, республикалық және облыстық маңызы бар қалалар үшін көзделеді.

6. Қалалар аумағының жекелеген бөліктерін қала құрылысын игеру жобалары (ЕТЖЖ, өнеркәсіптік аймақты жоспарлау жобалары және құрылыс салу жобалары) ғимараттар мен құрылыстарды, олардың кешендерін салуға арналған техникалық-экономикалық негіздемелер немесе жобалау-сметалық құжаттама құрамындағы ахуалдық жоспарлар мен объектілердің бас жоспарларын қоспағанда, қолданыстағы бас жоспардан туынды болып табылады.

7. Бас жоспарларды, тұрғындарының саны бес мың адамға дейінгі ауылдық елді мекендердің бас жоспарлары – даму және құрылыс салу схемалары (халқының саны аз елді мекендердің бас жоспарларының оңайлатылған нұсқасы), ЕТЖЖ және құрылыс жобаларын әзірлеуді ұйымдастыруды сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшесі жүзеге асырады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.08.2023 № 563 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Мемлекеттік қала құрылысы кадастрының дерекқорына енгізу үшін бекітілген бас жоспарларды, қала құрылысы құжаттарын векторлық түрде (бас жоспарларды, тұрғындарының саны бес мың адамға дейінгі ауылдық елді мекендердің бас жоспарлары – даму және құрылыс салу схемаларын (халқының саны аз елді мекендердің бас жоспарларының оңайлатылған нұсқасы), егжей-тегжейлі жоспарлау жобасы, құрылыс салу жобасы) беру "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қала құрылысы кадастрын жүргізудің және одан ақпарат және (немесе) мәліметтер ұсынудың қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 244 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11111 болып тіркелген) Қазақстан Республикасының мемлекеттік қала құрылысы кадастрын жүргізудің және одан ақпарат және (немесе) мәліметтер ұсынудың қағидаларына сәйкес ұсынады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.08.2023 № 563 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Қала құрылысы жобасының схемалары мемлекеттік қала құрылысы кадастрының талаптарын ескере отырып, геоақпараттық жүйелерді – бірыңғай анықтамалар мен жіктеуіштер жүйесінде технологияларды қолдана отырып, электрондық түрде әзірленеді.

ЕТЖЖ және құрылыс салу жобасының жіктеуіші осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес болады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 15.06.2022 № 341 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-1-тарау. Бас жоспарларды әзірлеу, келісу және бекіту

Ескерту. Қағида 1-1-тараумен толықтырылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.08.2023 № 563 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9-1. Бас жоспар елді мекеннің аумақтарын жоспарлауға кешенді көзқарасты қамтамасыз ету мақсатында әзірленеді. Өртүрлі функционалдық мақсаттағы аймақтардың шекаралары қызыл сызықтарды, табиғи объектілердің табиғи шекараларын және жер учаскелерінің шекараларын ескере отырып белгіленеді.

Кварталдар (шағын аудандар) аумағының шекарасы жалпықалалық, аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының және тұрғын көшелердің қызыл сызықтары, сондай-ақ өзге де функционалдық мақсаттағы аумақтардың шекаралары мен табиғи объектілердің табиғи шекаралары болып табылады.

Ескерту. 9-1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 22.02.2024 № 69 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9-2. Бас жоспар әлеуметтік және экологиялық өлшемшарттарға негізделген, адам қажеттіліктері мен аумақтың ресурстық мүмкіндіктерін жан-жақты есепке алып, жайлы өмір сүру ортасын құруға негізделген негізгі қала құрылысының құжаты болып табылады.

Бас жоспар халық саны мен жұмыспен қамтылуының өсу болжамын анықтау, жобаланатын аумақтағы инвестициялық үдерістерді перспективалық жоспарлау, қаланың аумақтық дамуының ұзақ мерзімді перспективаларын, қаланың аумақтық дамуының бағыттарын, жоспарлау құрылымын қалыптастыру, аумақты, коммуналдық объектілерді қалалық аймақтарға бөлу, көлік қызметін ұйымдастыру, инженерлік жабдықтар жүйесін дамыту, аумақты инженерлік дайындау және абаттандыру, аумақты қауіпті табиғи және техногендік әсерлерден қорғау процестер, табиғи органы және тарихи-мәдени мұраны қорғауды анықтау мақсатында әзірленеді.

9-3. Халықтың есептік саны жүз мың тұрғыннан асатын қалалардың бас жоспарлары екі кезеңде әзірленеді және мыналарды қамтиды:

бірінші кезең (елді мекенді дамытудың ұзақ мерзімді болжамы (тұжырымдамасы)) – 25-30 жылға арналған стратегиялық қала құрылысын дамытудың негізгі қағидаттары мен бағыттарын әзірлей отырып, аумақтар мен елді мекендерді қала құрылысын аймақтарға бөлудің тұжырымдамалық ережелерін әзірлеу;

екінші кезең (бас жоспар) – құрылыстың негізгі кезеңдерін қамтитын жоспарлау құрылымының элементтерін егжей-тегжейлі зерделеу арқылы стратегиялық қала құрылысының негізгі принциптері мен бағыттарын егжей-тегжейлі көрсету (басымдық 5-7 жыл, есептік кезең 15-20 жыл).

9-4. Бас жоспардың құрамында халықтың саны жүз мың адамға дейінгі қалалар мен ауылдық елді мекендерді дамытудың ұзақ мерзімді болжамы орындалады.

9-5. Халықтың саны жиырма мың адамға дейінгі елді мекендердің құрылыстың негізгі кезеңдерін қамтитын бас жоспарлары елді мекеннің бүкіл аумағына ЕТЖЖ-мен біріктіріліп әзірленуі тиіс (басымдық 5-7 жыл, есептік кезең 15-20 жыл).

9-6. Тұрғындардың саны бес мың адамға дейінгі ауылдық елді мекендердің құрылыстың негізгі кезеңдерін қамтитын бас жоспарлары – даму және құрылыс салу схемалары (халқының саны аз елді мекендердің бас жоспарларының оңайлатылған нұсқасы) бір кезеңде әзірленеді және елді мекеннің бүкіл аумағына ЕТЖЖ-мен біріктіріледі (басымдық 5-7 жыл, есептік кезең 15-20 жыл).

9-7. Елді мекенді дамытудың ұзақ мерзімді болжамы (тұжырымдамасы) қала жағдайларын жан-жақты талдау және елді мекеннің экономикалық, әлеуметтік-мәдени және аумақтық-функционалдық даму бағыттарының оңтайлы нұсқасын анықтау мақсатында әзірленеді. ресурстық әлеует және кезең-кезеңімен іске асыру және мыналарды қамтиды:

қаланың жоспарлау құрылымы дамуының тарихи ерекшеліктерін талдау;

аумақтарды кешенді қала құрылысы және экологиялық бағалау;

инженерлік-көлік инфрақұрылымының жай-күйін бағалау;

аумақтардың қала құрылысы құндылығын (әлеуетін) бағалау;

тұрғын үй бағдарламасының қағидаттары (тұрғын үйлердің түрлері бойынша құрылымы, демографиялық және әлеуметтік тәртіпті ескере отырып жоспарлау ерекшеліктері);

қаланың қала құраушы базасын дамыту нұсқалары;

инженерлік-көліктік инфрақұрылымды дамыту қағидаттары;

қала кеңістігін композициялық ұйымдастыру принциптері;

функционалдық жоспарлауды дамыту моделі.

Тұжырымдама кезеңі үшін жобалау материалдарының мынадай құрамы көзделеді:

1) 1:50000 - 1:10000 масштабтағы елді мекеннің елді мекен жүйесіндегі (қала маңындағы және жасыл аймақтары бар) жағдайының схемасы;

2) 1:25000 -1:10000 масштабтағы аумақты қазіргі заманғы пайдалану жоспары (негізгі жоспар);

3) қаланың жоспарлау құрылымын еркін масштабта дамытудың ретроспективті схемалары;

4) 1:25000-1:5000 масштабтағы аумақты кешенді қала құрылысын және экологиялық бағалау;

5) ерікті масштабтағы аумақтарды дамыту нұсқалары;

6) 1:25000-1:10000 масштабтағы қаланың аумақтық даму тұжырымдамасы (құрылымдық жоспар);

7) 1:50000-1:10000 масштабындағы магистральдық көшелер мен жолдардың, сыртқы және қалалық көліктердің схемасы;

8) 1:50000-1:10000 масштабтағы аумақты инженерлік жабдықтау және инженерлік қорғау схемасы;

9) нұсқалық зерттеулер негізінде қабылданған әлеуметтік-экономикалық және құрылымдық жоспарлау шешімдерінің негіздемесі бар түсіндірме жазба.

9-8. Елді мекеннің тұжырымдамасы ҚР СН 3.01-00-2011 "Қазақстан Республикасындағы қала құрылысы жобаларын әзірлеу, бекіту және бекіту тәртібі туралы нұсқаулық" Қазақстан Республикасының Құрылыс нормаларына (бұдан әрі – ҚР ҚН 3.01-00-2011) және "Азаматтық қорғаныстың инженерлік-техникалық іс-шараларының көлемі мен мазмұнын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 24 қазандағы № 732 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9922 болып тіркелген) азаматтық қорғаныстың инженерлік-техникалық іс-шараларының көлемі мен мазмұнына сәйкес әзірленеді.

9-9. Халықтың есептік саны бес жүз мың тұрғыны бар және одан асатын қалаларды дамыту тұжырымдамасының графикалық материалдары 1: 25 000 масштабта, халықтың болжамды саны жүз мыңнан бес жүз мың адамға дейінгі қалалар үшін 1: 10 000 масштаб және халық саны жүз мың адамға дейінгі қалалар мен елді мекендер үшін - 1: 5000 масштабта орындалады.

Графикалық материалдардың көрсетілген масштабтарын нақты қала құрылысы жағдайына қарай әзірлеушімен келісім бойынша тапсырыс беруші белгілейді.

Графикалық материалдар құрылымы бойынша, осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес әзірленеді.

9-10. Бас жоспар кезеңіндегі жобалау материалдарының құрамын:

1) елді мекеннің қоныстандыру жүйесіндегі орналасу схемасы (схеманың құрамы мен мазмұнын ҚР ҚН 3.01-00-2011 4.1.3.7.24- тармақшасына сәйкес орындау);

2) негізгі жоспар (схеманың құрамы мен мазмұны ҚР ҚН 3.01-00-2011 4.1.3.7.25- тармақшасына сәйкес орындау);

3) аумақты кешенді қала құрылысын бағалау (схеманың құрамы мен мазмұны ҚР ҚН 3.01-00-2011 4.1.3.7.26-тармақшасына сәйкес орындау);

4) бас жоспар (негізгі сызба) (схеманың құрамы мен мазмұны ҚР ҚН 3.01-00-2011 4.1.3.7.27- тармақшасына сәйкес орындау);

5) функционалдық аймақтандыру және қала құрылысы регламенттерінің схемасы (схеманың құрамы мен мазмұны ҚР ҚН 3.01-00-2011 4.1.3.7.28- тармақшасына сәйкес орындау);

6) жол желісі мен көлік схемасы (схеманың құрамы мен мазмұны ҚР ҚН 3.01-00-2011 № 4.1.3.7.29- тармақшасына сәйкес орындау);

7) көшелердің көлденең бейіндері;

8) аумақты инженерлік жабдықтау және инженерлік дайындау схемасы (схеманың құрамы мен мазмұны ҚР ҚН 3.01-00-2011 4.1.3.7.30-тармақшасына сәйкес орындау);

9) қоршаған ортаны қорғау схемасы (схеманың құрамы мен мазмұны ҚР ҚН 3.01-00-2011 4.1.3.7.31-тармақшасына сәйкес орындау);

10) табиғи-экологиялық қаңқа (схеманың құрамы мен мазмұны ҚР ҚН 3.01-00-2011 4.1.3.7.32-тармақшасына сәйкес орындау);

11) әуе айлақтарының әуеайлақтары маңындағы аумақтарын аймақтандыру схемасы ;

12) қызыл сызықтардың бөлу жоспары;

13) қабылданатын жобалық шешімдердің негіздемесі бар түсіндірме жазба (түсіндірме жазбаның құрамы мен мазмұны ҚР ҚН 3.01-00-2011 4.1.3.7.33- тармақшасына сәйкес орындау);

14) осы Қағидаларға 10-қосымшада көрсетілген техникалық-экономикалық көрсеткіштер.

Ескерту. 9-10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 18.07.2025 № 268 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9-11. Бас жоспардың бекітілген бөлігі осы Қағидаларға 10 және 11-қосымшаларға сәйкес жобаның негізгі көрсеткіштерін, негізгі сызба мен техникалық-экономикалық көрсеткіштерді қамтитын бас жоспардың негізгі ережелері болып табылады.

9-12. Тұрғындардың саны бес мың адамға дейінгі ауылдық елді мекендердің бас жоспарлары – даму және құрылыс салу схемалары (халқының саны аз елді мекендердің бас жоспарларының оңайлатылған нұсқасы) 1:2000 масштабта әзірленеді.

9-13. Тұрғындардың саны бес мың адамға дейінгі ауылдық елді мекендердің бас жоспарларының – даму және құрылыс салу схемаларының (халқының саны аз елді мекендердің бас жоспарларының оңайлатылған нұсқасы) жобалау материалдарының мынадай құрамы көзделген:

1) 1:10 000, 1:25 000 масштабтағы әкімшілік аудан жүйесіндегі елді мекеннің орналасу схемасы;

2) аумақта қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемалары (аудандық жоспарлау жобасы) және 1:10 000, 1:25 000 масштабтағы шаруашылық ішіндегі жерге орналастыру жобасының материалдарын пайдалана отырып әзірленген жер пайдалану схемасы;

2-1) аумақты кешенді қала құрылыстық бағалау;

3) тірек жоспар (аумақты қазіргі заманғы пайдалану жоспары);

4) бас жоспар (негізгі сызба);

5) көше-жол желісі мен көліктің схемасы, аумақты тік жоспарлау мен инженерлік дайындау;

5-1) көшелердің көлденең пішіндері;

6) инженерлік қамтамасыз ету схемасы;

7) қоршаған ортаны қорғау схемасы;

7-1) функционалдық аймақтандыру және қала құрылысы регламенттерінің схемасы;

7-2) қызыл сызықтардың бөлу жоспары;

7-3) әуе айлақтарының әуеайлақтары маңындағы аумақтарын аймақтандыру схемасы;

8) қабылданған жобалау шешімдерінің негіздемесі бар түсіндірме жазба;

9) осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес техникалық-экономикалық көрсеткіштер.

Ескерту. 9-13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 18.07.2025 № 268 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9-14. Қалалардың бас жоспарлары су ресурстарын қорғау және пайдалануды реттеу жөніндегі бассейндік су инспекцияларымен (бұдан әрі – бассейндік су инспекциялары), жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшелерімен, Тапсырманың 8-тармағымен айқындалған мекемелер және ұйымдармен келісіледі, сондай-ақ стратегиялық экологиялық бағалау, қоршаған ортаға әсер ету рәсіміне жатады.

Ескерту. 9-14-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 18.07.2025 № 268 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9-15. Кенттердің және ауылдық елді мекендердің бас жоспарлары бассейндік су инспекцияларымен, кенттік және ауылдық атқарушы органдарымен, жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшелерімен және Тапсырманың 8-тармағымен айқындалған мекемелер және ұйымдармен келісіледі, сондай-ақ стратегиялық экологиялық бағалау, қоршаған ортаға әсер ету рәсіміне жатады.

Ескерту. 9-15-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 18.07.2025 № 268 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9-16. Қоғамдық талқылаудан өткеннен кейін бас жоспарлар "Барлық деңгейдегі қала құрылысы жобаларына кешенді қала құрылысы сараптамасын жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 қарашадағы № 706 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 12414 болып тіркелген) Барлық деңгейдегі қала құрылысы жобаларына кешенді қала құрылысы сараптамасын жүргізу қағидаларында (бұдан әрі – Жүргізу қағидалары) айқындалған тәртіппен кешенді қала құрылысы сараптамасына жіберіледі.

9-17. Республикалық маңызы бар қалалардың, астананың және халқының есептік саны жүз мыңнан асатын облыстық маңызы бар қалалардың бас жоспарларының жобаларын (негізгі ережелерін қоса алғанда) Заңның 19-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

9-18. Халқының есептік саны жүз мың адамға дейінгі облыстық маңызы бар қалалардың бас жоспарларының жобаларын (негізгі ережелерін қоса алғанда) Заңның 21-бабына сәйкес облыстық өкілеттік органдар бекітеді.

9-19. Аудандық маңызы бар қалалар мен кенттердің бас жоспарларының, сондай-ақ тұрғындарының саны бес мың адамға дейінгі ауылдық елді мекендердің бас жоспарларын – даму және құрылыс салу схемаларын (халқының саны аз елді мекендердің бас жоспарларының оңайлатылған нұсқасын) Заңның 23-1-бабында көзделген аудандық өкілетті органдар бекітеді.

9-20. Бекітілген бас жоспарлар "Қала құрылысы жобаларын, жобалау алдындағы және жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын, сондай-ақ сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі объектілерін мемлекеттік қала құрылысы кадастрының деректер базасында тіркеу қағидаларын бекіту туралы"

Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрінің 2014 жылғы 16 маусымдағы № 172/НҚ бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9603 болып тіркелген) Қала құрылысы жобаларын, жобалау алдындағы және жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын, сондай-ақ сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі объектілерін мемлекеттік қала құрылысы кадастрының деректер базасында тіркеу қағидаларында айқындалған тәртіппен мемлекеттік қала құрылысы кадастрында тіркелуге жатады.

Тапсырыс беруші мемлекеттік қала құрылысы кадастрына берген материалдарда осы Қағидалардың 9-қосымшасына сәйкес бас жоспардың сыныптауышына сәйкес жасалған графикалық материалдар болуы тиіс. Мәтіндік материалдар түсіндірме жазбаны, техникалық-экономикалық көрсеткіштерді қамтиды және жалпыға бірдей қабылданған электрондық беру форматтарының бірінде беріледі, сондай-ақ оларды қала құрылысының ақпараттық жүйелері мен кадастрларында пайдалану бойынша ұсынымдарды қамтиды.

Ескерту. 9-20-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 22.02.2024 № 69 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9-21. Бас жоспарда:

1) әлеуметтік, рекреациялық, өндірістік, көлік және инженерлік инфрақұрылымдарды және байланыс желілерін орналастыруды қоса алғанда, табиғи-климаттық, қалыптасқан және болжанып отырған демографиялық және әлеуметтік-экономикалық жағдайлар ескеріле отырып, елді мекеннің аумағын дамытудың негізгі бағыттары;

- 2) осы аймақтардың аумақтарын функционалдық аймақтарға бөлу және пайдалануды шектеу;
- 3) елді мекеннің құрылыс салынған және салынбаған аумақтарының арақатынасы;
- 4) жерді басымдықпен иеліктен айыру және сатып алу аймақтары, резервтік аумақтар;
- 5) аумақты табиғи және техногендік құбылыстар мен процестердің қауіпті (зиянды) әсерінен қорғау, экологиялық жағдайды жақсарту жөніндегі шаралар;
 - 5-1) су объектілерін ластанудан, қоқыстанудан, сарқылудан қорғау жөніндегі шаралар;
- 6) кешенді көлік схемасын, көше-жол желісінің бас схемасын және жол жүрісін ұйымдастырудың кешенді схемасын қамтитын бас жоспардың көліктік бөлімін әзірлеу жөніндегі негізгі бағыттар;
- 7) елді мекенді тұрақты дамытуды қамтамасыз ету жөніндегі өзге де шаралар белгіленеді.

Ескерту. Қағида 9-21-тармақпен толықтырылды - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 29.06.2024 № 234 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 18.07.2025 № 268 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

2-тарау. Егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларын әзірлеу, келісу және бекіту

10. ЕТЖЖ елді мекеннің жекелеген бөліктері мен функционалдық аймақтары үшін, ал қажет болған жағдайда – халықтың жобалық саны 20 мың адамға дейінгі елді мекеннің барлық аумағына әзірленеді. Бұл жағдайда ЕТЖЖ бас жоспармен біріктіріледі. ЕТЖЖ елді мекен шегінен тыс орналасқан аумақ үшін де әзірленеді.

11. ЕТЖЖ елді мекеннің бас жоспарында белгіленген жоспарлау құрылымы элементтеріне және қала құрылысы регламенттеріне сәйкес 10 гектардан кем емес алаңда әзірленеді.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 15.06.2022 № 341 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. ЕТЖЖ мыналарды белгілейді:

- 1) функционалдық-қала құрылысын аймақтарға бөлуді айқындай отырып, аумақты жоспарлау ұйымдастырудың негізгі бағыттары;
- 2) қызыл, сары сызықтар және құрылыс салуды реттейтін сызықтар;
 - 2-1) су қорғау аймақтары мен белдеулерінің шекаралары;
- 3) халыққа әлеуметтік, мәдени және коммуналдық қызмет көрсету объектілерін орналастыру, көше-жол желісін және көліктік қызмет көрсетуді ұйымдастыру, инженерлік коммуникацияларды трассалау үшін аумақты резервке қою;

- 4) көшелердің көлденең қималары;
- 5) аумақты абаттандыру және көгалдандыру;
- 6) жария қала құрылысы шектеулері;
- 7) инженерлік коммуникациялар жоспары;
- 8) жол инфрақұрылымын дамыту жоспары;
- 9) астана, республикалық және облыстық маңызы бар қалалар аумақтары бөлігінің бірыңғай сәулеттік стилінің тұжырымдамасы;
- 10) байланыс құрылысжайларын, байланыс желілерін және инженерлік инфрақұрылымның басқа да объектілерін салу жоспарлары, сондай-ақ байланыс мұқтаждары үшін аумақты резервке қою.

ЕТЖЖ-да халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтарын әлеуметтік және өзге де мақсаттағы объектілерге кедергісіз қолжеткізу үшін жағдайлармен қамтамасыз ету, сондай-ақ жаңа объектілер салған кезде жаңартылатын энергия көздерін және энергия үнемдейтін технологияларды қолдану мәселелері де шешіледі.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 18.07.2025 № 268 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. ЕТЖЖ арналған жобалау материалдарының құрамы:

- 1) қоныстану жүйесінде жобаланатын аумақтың орналасу схемасы;
- 2) тірек жоспары (оның ішінде тарихи-сәулеттік мұралары бар елді мекендер үшін тірек тарихи-сәулет жоспары);
- 3) аумақтарды кешенді қала құрылыстық бағалау;
- 4) құрылыс салу эскизі;
- 5) аумақты функционалдық аймақтарға бөлу жоспары;
- 5-1) қала құрылысы регламенттерінің схемасы;
- 5-2) әуе айлақтарының әуеайлақтары маңындағы аумақтарын аймақтандыру схемасы;
- 6) көше-жол желісі және көліктің схемасы;
- 6-1) көшелердің көлденең профильдері;
- 7) аумақты тік жоспарлау және инженерлік дайындау схемасы;
- 8) инженерлік қамтамасыз ету схемасы (оның ішінде сумен жабдықтау және су бұру, нөсер кәрізі, жылу, газ-, электрмен жабдықтау схемалары, байланыс құрылыстарының, сондай-ақ инженерлік инфрақұрылымның басқа да объектілерінің орналасуын қоса алғанда, электр көліктері, телекоммуникациялар және байланыс үшін зарядтау құрылысы схемасы);
- 9) қызыл сызықтардың бөлу жоспары;
- 10) қоршаған ортаны қорғау схемасы;
- 11) экономикалық бөлігі: осы Қағидалардың 3-қосымшасында көрсетілген техникалық-экономикалық көрсеткіштері.

Жобалау материалдарының құрамы мен мазмұнын жобаланатын аумақтың шекарасынан 1000 метр радиуста іргелес аумақта қолданыстағы және жоспарланып отырған құрылыс салуды ескере отырып, мемлекеттік нормативтер нормаларының талаптарына сәйкес орындауға міндетті.

Қабылданған жобалық шешімдері негізделген әрбір графикалық материалға түсіндірме жазба қоса беріледі.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 18.07.2025 № 268 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Түсіндірме жазба құрамында мыналар болады:

- 1) жобаланып отырған аумақтың даму проблемаларының сипаттамасы;
- 2) қоршаған аумақтарды дамытумен байланыстыра отырып, оны дамытудың нақты мақсаттары;
- 3) демографиялық талдау;
- 4) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес ЕТЖЖ негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштері;
- 5) мыналар туралы деректер:
 - табиғи-климаттық жағдайларда;
 - аумақты қолданыстағы функционалдық пайдалану;
 - тұрғын үй, қоғамдық ғимараттар мен құрылыстар қорының жай-күйі;
 - инженерлік және көлік желісі;
 - аумақты абаттандыру;
 - санитариялық-эпидемиологиялық жағдай және оны жақсарту жөніндегі іс-шаралар бойынша аумақты бағалау;
 - қолданыстағы және орналастыру көзделіп отырған өнеркәсіптік-өндірістік объектілердің қоршаған ортаға әсерін бағалау;
 - тарихи-мәдени мұраны сақтау және дамыту және басқалар;
- 6) сәулет-жоспарлау шешімдері, аумақты қала құрылысын аймақтарға бөлу негіздемесі;
- 7) тұрғын үйлер мен қоғамдық ғимараттардың құрылысы үшін ұсынылатын үлгілері , халыққа әлеуметтік-тұрмыстық қызмет көрсетуді ұйымдастыру принциптері бойынша ұсыныстар;
- 8) аумақты меншік түрлері бойынша бөлу (қажет болған жағдайда), аумақты пайдалану регламенті, жер учаскелерінің шекаралары және қауымдық сервитуттарды белгілеу жөніндегі ұсыныстар.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 18.07.2025 № 268 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. ЕТЖЖ құрамында Тапсырмамен айқындалатын схемалар әзірленуі мүмкін.

16. ЕТЖЖ құрамында қала құрылысы жағынан күрделі жобаларды әзірлеу кезінде Тапсырмада белгіленген көлем мен масштабта жоспарлау және құрылыс салу макеттері немесе құрылыс салу эскизінің цифрлық моделі орындалуы мүмкін.

17. Бұл ретте, қалақұрылысы функционалды аймақтары құрылысының тығыздығының нормативтік көрсеткіштерін "Қала құрылысы. Қалалық және ауылдық елді мекендерді жоспарлау және құрылысын салу" ҚР ЕЖ 3.01-101-2013* Қазақстан Республикасының Ережелер жиынтығының А.1-кестесіне сәйкес қабылдау ұсынылады.

18. Қалалық аумақтардың ЕТЖЖ бассейндік су инспекцияларымен, жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшілерімен, Тапсырманың 8-тармағымен айқындалған мекемелер және ұйымдармен келісіледі, сондай-ақ қоғамдық талқылаудан кейін Жүргізу қағидаларында айқындалған тәртіппен кешенді қала құрылысы сараптамасына жіберіледі және Заңның 25-бабына сәйкес астана, республикалық және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органының тиісті шешімімен бекітіледі.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 18.07.2025 № 268 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Кенттер мен ауылдық елді мекендер (округтер) аумақтарының ЕТЖЖ бассейндік су инспекцияларымен, кенттік және ауылдық атқарушы органдармен, жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшелерімен, Тапсырманың 8-тармағымен айқындалған мекемелер және ұйымдармен келісіледі, сондай-ақ қоғамдық талқылаудан кейін Жүргізу қағидаларында айқындалған тәртіппен кешенді қала құрылысы сараптамасына жіберіледі және Заңның 23-1-бабына сәйкес аудандық өкілетті органдарымен бекітіледі.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 18.07.2025 № 268 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Осы Қағидалардың 18 және 19-тармақтарына сәйкес келісілген ЕТЖЖ электрондық жобасы бар тасымалдаушыдан тұратын жиынтықпен және үш данада қатты материалдағы (қағаздағы) оның шығыс есептерінің көшірмелерімен бекіту үшін сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшесіне орындаушымен беріледі. Тасушының түрі Тапсырмамен келісіледі.

21. ЕТЖЖ-ға енгізілетін түсіндірме жазба баспа және электрондық түрде ұсынылады. Электрондық және баспа нұсқасының мазмұны бір-біріне ұқсас. Түсіндірме жазбада ЕТЖЖ электрондық нұсқасының толық сипаттамасымен қамтылады.

ЕТЖЖ материалдарын электрондық түрде беру Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 20 желтоқсандағы № 832 қаулысымен бекітілген

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптарға сәйкес ақпараттық қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып жүргізіледі.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 29.06.2024 № 234 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Құрылыс салу жобаларын әзірлеу, келісу және бекіту

22. Құрылыс салу жобасы бекітілген қызыл сызықтардың шекарасында немесе жер учаскелерінің шекарасында орамдар, шағын аудандар аумақтары және елді мекендердің жоспарлау құрылымының басқа элементтері үшін әзірленеді.

23. Қала құрылысы құжаттамасына және қала құрылысы регламенттеріне сәйкес әзірленеді.

Елді мекеннің бас жоспары негізінде бекітілген ЕТЖЖ-сыз құрылыс салу жобаларын әзірлеуге жол беріледі.

24. Құрылыс салу жобалары сәулет кешендерінің композициялық шешімін, ғимараттар мен құрылыстардың түрлерін, оларды салу немесе реконструкциялау кезектілігін, функционалдық пайдалануды, инженерлік коммуникацияларды төсеуді, аумақты абаттандыруды, көліктік қызмет көрсетуді ұйымдастыруды және жаяу жүргіншілер қозғалысының қағидаттарын, құрылысты ұйымдастыру тәртібі мен сметалық құнын айқындайды.

25. Көшелер, алаңдар, скверлер мен бульварлар учаскелері үшін құрылыс салу жобасы құрылысты реттеу шекаралары шегінде орындалуы мүмкін.

Құрылыс салу жобаларында халыққа әлеуметтік-тұрмыстық қызмет көрсету мекемелерін, инженерлік желілер мен құрылыстарды, аумақты абаттандыруды пайдалануға берумен бір мезгілде жұмыстардың кезең-кезеңімен аяқталуын ескере отырып, шағын аудандарды, кварталдарды, учаскелерді салу, реконструкциялау және абаттандыру жөніндегі ұсыныстарды көздеу қажет.

Құрылыс салу жобаларында халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтарын әлеуметтік және өзге де мақсаттағы объектілерге кедергісіз қолжеткізу үшін жағдайлармен қамтамасыз ету мәселелері де, сондай-ақ жаңа объектілер салған кезде жанартылатын энергия көздерін және энергия үнемдейтін технологияларды қолдану мәселелері де шешіледі.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 15.06.2022 № 341 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26. Құрылыс салу жобалары бір немесе екі сатыда орындалады: құрылыс құнының жиынтық сметалық есебі бар жоба (жоба);

квартал, шағын аудан, жер учаскесі шекарасындағы немесе жұмыс көлемі мен олардың құнын анықтай отырып, жобаны іске асыру кезеңдері бойынша құрылыс объектілеріне жұмыс құжаттамасы.

27. Құрылыс салу жобасының сатысы мынадай құрамда әзірленеді:

құрылыстың бас жоспары;

абаттандыру жоспары;

жер бедерін ұйымдастыру схемасы жер жұмыстары жоспары;

инженерлік желілердің жиынтық жоспары;

ғимараттар мен құрылыстардың құрамдас жоспары;

құрылысты ұйымдастыру жобасы;

сметалық құжаттама;

Жобаның графикалық материалдары 1:500 немесе 1:1000 масштабта орындалады.

Әрбір графикалық материалға түсіндірме жазба қоса беріледі.

28. Түсіндірме жазба мыналарды қамтиды:

1) құрылыс салудың қабылданған сәулет-жоспарлау және көлемдік-кеңістіктік шешімдерінің негіздемесі;

2) санитариялық-эпидемиологиялық, өртке қарсы және табиғат қорғау іс-шаралары;

3) құрылыс кезектілігі;

4) ғимараттардың қолданылған түрлері мен түрлері және олардың конструктивтік шешімдері;

5) аумақты инженерлік жайластыру және көгалдандыру жүйелері;

6) халыққа қызмет көрсету ғимараттары мен үй-жайларына қажеттілік бойынша жоспарлау жобасының есептері;

7) тұрғын және қоғамдық ғимараттарды, басқа да құрылыс элементтерін диспетчерлендіру және аумақты сыртқы абаттандыру жөніндегі ұсыныстар;

8) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес құрылыс салу жобаларының негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштері.

29. Құрылыс жобасында топтасып дайындалатын жабдықтарға, арматураға, кабель өніміне және жаппай және сериялық өндірістің басқа да бұйымдарына ірілендірілген номенклатура бойынша жасалған ведомостар келтіріледі.

Құрылыс салу жобасының жұмыс құжаттамасының құрамына:

Тапсырмада көзделген барлық объектілер мен жұмыс түрлеріне арналған жұмыс сызбалары;

сметалар;

әрбір объектіге немесе жұмыс түріне материалдар қажеттілігінің ведомосі мен жиынтық ведомосі тапсырма негізінде орындалады;

жабдықтарға спецификациялар, сұрау парақтары және құрылыс бөлігінің габариттік сызбалары кіреді.

30. Ғимараттарды негізінен үлгілік және қайта қолданылатын жобалар бойынша қолдана отырып аудандарды жобалау кезінде құрылыс салу жобасы, бекітуге ұсынылатын жобалау-сметалық құжаттама және сметалары бар жұмыс құжаттамасы құрамындағы құнның жиынтық сметалық есебі бар құрылыс салудың жұмыс жобасы бір сатыда орындалуы мүмкін.

Бекітуге ұсынылатын жобаның құрамына мыналар кіреді:

шағын аудан (орам) құрылысының бас жоспарының схемасы);

тірек жоспары;

құрылыстың бас жоспары (құрылыс салу эскизі);

жер массаларының жоспары бар жер бедерін ұйымдастыру схемасы;

инженерлік желілердің жиынтық схемасы (оның ішінде сумен жабдықтау және су бұру, нөсер кәрізі, жылу, газ-, электрмен жабдықтау схемалары, байланыс құрылыстарының, сондай-ақ инженерлік инфрақұрылымның басқа да объектілерінің орналасуын қоса алғанда, электр көліктері, телекоммуникациялар және байланыс үшін зарядтау құрылғысы схемасы);

ғимараттар мен құрылыстарды құрастыру схемалары;

құрылысты ұйымдастыру жобасы;

аумақтарды функционалдық және қала құрылысын аймақтарға бөлу жоспары;

қызыл сызықтарды бөлу жоспары;

құрылыс құнының жиынтық сметалық есебі;

Құрылыс салу жобасының графикалық материалдары 1:500 немесе 1:1000 масштабта орындалады;

Әрбір графикалық материалға түсіндірме жазба қоса беріледі.

